

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты әрбір бала өмірінің сәтті бастамасы ретінде сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға (бұдан әрі – МТО) тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. МТО-ны қамтамасыз етудің құқықтық негіздері мен мемлекеттік саясаттың негізгі қағидағтары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған, оған сәйкес білім беру жүйесінің бірінші деңгейі отбасында немесе 1 жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымда (бұдан әрі-МДҰ) жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқуға бес жастан бастап мектепалды даярлық түрінде жүзеге асырылады. Әрбір баланың бастауыш мектепте білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасаудың маңызды шарты МТО қолжетімділігін кеңейту болып табылады. Ата-аналардың әртүрлі себептермен баласын мектепке дейінгі ұйымға апарғысы келмейтін фактіні де ескеру қажет (денсаулық жағдайы, отбасында тәрбиелеуді дұрыс деп санау және басқалар). Балаларға үй жағдайында сапалы күтім жасауды және тәрбиелеуді қамтамасыз ету мақсатында балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарды (заңды өкілдерді) педагогикалық қолдау жұмыстарын жандандыру қажет. Сонымен қатар, маңызды міндеттердің бірі – ата-аналарды (заңды өкілдерді) білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеу мен оқытуға тарту болып табылады. Осыған байланысты Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы) сәйкес отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік - педагогикалық қолдау мақсатында балабақшалар мен шағын орталықтар жанында ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктерін ескере отырып, балалары МТО-мен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттер (бұдан әрі КП) құру ұсынылады. КП балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарға (заңды өкілдерге) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша кеңес беруге және әдістемелік көмек көрсетуге арналған. КП қызметіне қатысушылар - ерте жастағы балалар мен мектеп жасына дейінгі балалар, олардың ата-аналары (заңды өкілдері) және мектепке дейінгі ұйымның мамандары. Аталған әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарға (заңды өкілдерге) тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша педагогикалық қолдау көрсетуде КП қызметін реттеу. Бұл материал базасында КП ұйымдастырылған меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары мен педагогтеріне арналған.